

## ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

***Сәуірдің 29-жұлдызында өткен Ғылыми кеңес мәжілісінде университеттің бас бухгалтері Р. Жүсіпова мен физика факультетінің деканы Ә.Асқарова өздері басқарып отырған салалардың жұмысы жөнінде есеп берді. Сонымен бірге, Экономика және бизнес факультеті деканының орынбасары Д. Қалдияров факультеттегі магистрлерді даярлау мәселелеріне тоқталды. Сондай-ақ, халықаралық байланыстар бөлімінің бастығы А.Нұрмағанбетов Ғылыми кеңестің 24.04.2001. жылғы "Университеттің даму стратегиясын жүзеге асыру барысындағы халықаралық байланыстар аясын кеңейту Бағдарламасының жүзеге асырылуы туралы" Қаулысының орындалу барысы жөнінде хабарлама жасады.***

## РЕКТОРАТ

***14-мамыр күні өткен Ректорат мәжілісінде проректор Ж.Дәдебаевтың жазғы сессияға дайындық жөніндегі, проректор С. Шалғымбаевтың университет көрсететін ақылы қызмет түрлерін дамыту туралы хабарламалары тыңдалды. Сондай-ақ, профессор Н.Шаймерденова ректораттың 2002-2003 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту жөнінде, аға оқытушы А.Файзуллина "Университет студенттеріне, қызметкерлеріне және оқытушыларына арналған оқыту семинарлары: нәтижелері мен проблемалары" деген тақырыпта хабарламалар жасады.***



### Тұсаукесер

Мамырдың 18-жұлдызында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарихи мұражайының жаңа залының салтанатты ашылу рәсімі болып өтті.

Жалпы, мұнда университеттің құрылғаннан бергі тарихынан бөлек кейінгі 10 жыл ішіндегі қол жеткізген табыстары қамтылды.

# Мұражайдың жаңа бейнесі

Мұражайдың ашылу құрметіне арналған лентаны университет ректоры Т.Ә.Қожамқұлов, академиктер Ж.Әубәкіров пен А.Лукьяновтар қиып, оң бастамаға арналған игі тілектерін айтып өтті. Бұдан кейін университет қызметкері айтыскер ақын О.Досбосынов мұражайдың ашылу салтанатына жырдан шашу шашып, ары қарай мұражай директоры Р.Сақыбайқызы жиынға келген құрметті қонақтарға залда орналасқан тарихи жәдігерлерді таныстырып шықты. Нәтижесінде жиналған қауым ҚазҰУ өміріне қатысты сол 10 жыл ішіндегі өзгерістер, жаңалықтар жөнінде жан-жақты мағлұматтар алды. Салтанатты жиын соңында университет ректоры Т.Ә.Қожамқұлов және университеттің академик ақсақалдары Ж.Әубәкіров пен А.Лукьянов және мұражайды тамашалаушылар жаңа залға арналған арнайы тілек альбомына өз қолтаңбаларын қалдырды.

*С. ЖАНИҰЛЫ*

### Қырық бірдің қырандары

# АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ



Жеңіс күні қарсаңында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті өзінің соғыс және еңбек ардагерлеріне құрмет көрсетті.

Ұлы Отан соғысында, еңбек майданында аянбай еңбек еткен қарияларға арналған үлкен салтанатты кеш ұйымдастырылды. Мерекелік дастархан жайылып, концерт қойылды. Соғыс жылдарының патриоттық әндері шырқалып, ардагерлер сол бір қиын-қыстау жылдарды еске алысты. Салтанатты жиынды ҚазҰУ-дың ректоры Т. Ә Қожамқұлов мырза ашып, құттықтау сөз сөйледі. Мерекеге қонақ ретінде Алматы қаласы Бостандық ауданының әкімі А.К.Каримуллин мырза да қатысты. Барлығы 217 ардагерлердің әрқайсысына 6000-8000 теңге көлемінде сыйақылар берілді. ҚазҰУ-дың ардагерлер қоғамының атынан Ғ.Ж Жұматов, З.М. Мұсырманов қариялар университет басшылығына алғыс айтып, ризашылықтарын білдірді. Студент-жастар да өз өнерлерін ортаға салумен болды. Алдыңғы толқын ағалар да, кейінгі толқын інілер де сол бір сұрапыл жылдар қайта оралмасын деген ізгі ниетпен тарады.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

### *Камал Смайылов — 70 жаста*

Мамырдың 21-де журналистика факультетінің N3 оқу залында белгілі қоғам қайраткері, публицист-жазушы, ғалым-ұстаз Камал Смайыловпен кездесу болып өтті.



# СЕРКЕСӨЗДІҢ СЕРІСІ

Қайраткер-қаламгердің 70 жасқа толған мерейтойы құрметіне арналған кешті ұжым басшысы Бауыржан Жақып кіріспе сөзбен ашып, К. Сейтжанұлының мазмұнды да мағыналы өмір жолынан, қалам ұстаған кейінгі буынға үлгі боларлық шығармашылық қуатының жарқын беттерінен әңгімелеп берсе, проректор Намазалы Омашев ректорат тарапынан құттықтау хат тапсырып, үстіне шапан жапты. Сондай-ақ, кездесуде мінберге көтерілген Шерияздан Елеукенов, Әбілфайыз Ыдырысов, Сағымбай Қозыбаев, Өмірсейіт Шәріпов, т.б. ұстаз-ғалымдар мен замандастары мерейтой иесіне ақ тілектерін ақтарып, оның іскер басшы тұлғасы мен талғам-таразысы жоғары шығармашылық қырын айқындай түсетін сәттерінен сыр шертіп берді.

Салтанат пен қошеметке, ықылас-мейірге толы әсерлі кеште студенттер тарапынан дайындалған концерттік бағдарлама қонақтар мен көрермендер көңілін бір серпілтіп тастап, рухани ләззат сыйлады.

Кездесудің сұрақ-жауап түрінде өтіп, қоғамдық өзекті мәселелерді, әлеуметтік өткір көріністерді және қазіргі ақпарат айдынындағы толғақты тұстарды тақырып арқауы етуі де оның салмағын арттыра түсті.

**Б. ТӨРЕБЕКҰЛЫ**

### Кездесу

## *Дін мен мәдениет біртұтас*

Қазіргі заманның талабына сай біздің ҚазҰУ-да экономика және бизнес пен халықаралық қатынастар факультеттерінде өте қажетті "Іскерлік қатынастардың этикасы" атты пән оқытылады. Көпшілікке мәлім, әдеп пен дін өзара тығыз байланысты.

Осыны ескере отырып жоғарыда аталған пәннің оқытушысы экономика ғылымының кандидаты, менеджмент және бизнес кафедрасының доценті Түмбай Жұмабек Орманбекұлы ағайдың ұйымдастыруымен 3-мамыр күні университеттің үлкен акт залында елімізге белгілі ғалым-дінтанушы, мәдениеттанушы, «Ата-баба діні? Түркілер неге мұсылман болды?» атты энциклопедия ауқымында жазылған еңбектің авторы Мұртаза Бұлытаймен кездесу өтті. Мұртаза Бұлытай өз әңгімесінде тіліміз бен дініміздің қадір-қасиеті және ислам мен әдептіліктің өзара тығыз байланыстылығы туралы сөз етті. Бұл кездесу бәрімізге де үлкен әсер қалдырды. Студенттер атынан экономика және бизнес факультетінің 3 курс студенті Әкежанов Данияр сөз алып, Мұртаза ағайға көпшіліктің көңіліндегі ризашылығын білдіріп, шығармашылық табыс тіледі.

*С. БАЙҒАБҰЛОВА, экономика және бизнес факультетінің 1 курс студенті*

### Талапкер - 2002



# БАСПАГЕРЛЕР
## оқушылармен кездесті

Жақында журналистика факультетінің «Баспа ісі және редакциялау» кафедрасының профессорлары мен оқытушылар құрамы Алматы қаласындағы N 145, N 108, N 68 мектеп оқушыларымен кездесті.

Журналист мамандығын насихаттауға бағытталған бұл кездесуде кафедра меңгерушісі Қ.Ө.Сақ кіріспе сөз сөйлеп, жиынды ашты. Содан кейінгі сөз профессор Ә.Ыдырысовқа беріліп, ол журналист мамандығының қыр-сыры туралы сөз қозғады. Филология ғылымының кандидаты М.Т.Мұқашева да оқушыларды журналистика әлемінен хабардар етті. Кездесу барысында ән-күй араласып, университет оқытушылары жас жеткіншектердің сұрақтарына жауап берді.

Оқушылардың журналист мамандығына зор қызығушылықпен байқалды.

**(Өз тілшімізден)**

### «Құтты білік» клубы

# ИМАНДЫЛЫҚ ИІРІМДЕРІ

Тарих факультетінде көптен бері «Құтты білік» тарихи-танымдық клубы жұмыс істеп келеді. Оның жоспарлы шараларына факультетің профессор-оқытушылар құрамымен қатар, студенттер де ат салысуда. Клубты оның тұрақты жетекшісі Уматаев Абдрахман басқарады.

Жақында аталмыш клубтың ұйымдастыруымен Күлаш Ахметова, Серік Қалиев, Шорабек Айдаров, Мұхамеджан Тазабеков сынды жазба және айтыс ақындарымен факультет ұжымының кездесуі болып өтті. Кездесудің тақырыбы жастар тәрбиесіне, қазіргі рухани даму мәселелеріне арналды. Бүгінгі таңда мұндай кездесулердің мәні де жоғары, мезгілі де дәл екені аян.

Азаматтық бағдарлар мен адами құндылықтардың нәрімен жастарды сусындату және солардың негізінде тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыру - мемлекеттік идеологияның арқауы. Ендеше, "Құтты білік" клубы қызметінің жандана түсуі зор ғанибет. Осы ретте ұжым басшысы профессор Қ.Т.Жұмағұловтың тыңдырымды іс-әрекеттеріне алғыс сезіммен қарайтының анық.

Біз бұл кездесуден жастармен көзбе-көз сөйлесіп, бағалы мен бағасыздың, шындық пен жаланың аражігін айыруға жәрдемдесу қаншалықты көкейкесті мәселе екендігін аңғардық. Қонақтар кейбір пиғылы тар, ойы кем, пікірі лас адамдар жастардың исламға бас ию әрекеттерін өздерінің жеке мүддесін шешуге пайдаланатынын да жасырып қалмай, шын исламды тану үшін мешітке барып уағыз-дәрістер тыңдап, нағыз имамдармен пікірлесу адастырмас бағыт екендігін астын сыза айтты. Сондай-ақ, жастар ішінде әр түрлі діни секталардың алдауына еріп, уақытша адасып қалғандар саны басым болып тұрғаны да сөз болды.

Кездесу соңында студенттер мен оқытушылар қонақтарға көптеген сұрақтар қойды. Ол сұрақтар бүгінгі күннің әр алуан тұстарын қамтыды. Ақындардың шығармашылық жоспарлары, діни әдет-ғұрыптары мен мақсат — міндеттері жөнінде, ислам идеяларын мемлекеттік мейрамдар деңгейіне көтеру хақында келелі де келісті әңгіме-сұхбат өрбіді.

Зере Майдан-Әлі

### Кросс

# Жеңіс күнгі жеңімпаздар

Жеңіс күні таңертеңмен ҚазҰУ-дың факультеттерінен құралған командалары мен құрылымдық бөлімше командалары университетіміздің спорт сарайына жиналды.

Кіріспе сөз сөйлеп дәстүрлі кросс жарысына қатысушыларға сәттілік, жеңіс тілеген Ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор А.И.Купчишин, дене шынықтыру кафедрасының меңгерушісі А.И.Арещенко, «Парасат» кәсіподағының төрайымы М.Т.Мұқашевалар жарыс барысын бақылаумен болды.

Барлығы 2225 адам қатысты. Қыздар арасында жарыс қорытындысы бойынша 500 метрге жүгіруден 1-орынды география факультетінен Ричеченко Оля, 2-3 орынды биология факультетінен Канапьянова Дина мен Денисова Юля иеленді. 1000 метрге жүгіруден 1-2 орынды биология факультетінен Перфильева Настя мен Перфильева Юля жеңіп алды. Үшінші орынды Аязбекова Жұлдыз иеленді. Ерлер арасында 1000 метрге жүгіруден 1-2 орынды философия және политология, география факультетінің студенттері Назарбеков Қайсар мен Қысықов Виктор, 3-орынды Тілеубек Сайрамбек иеленді.

**Ғ. МАНАТҚЫЗЫ**





Елордамыз Астанада 24 мамырда "Қазақстан Республикасындағы білім берудің жай-күйі мен даму перспективалары туралы" деген тақырып аясында Парламенттік тыңдау өткізілді. Мұнда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан - 2030" Стратегиялық Бағдарламасында, "Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында" және "Білім" мемлекеттік бағдарламасында белгіленген білім беру саласына байланысты ұзақ мерзімді міндеттерді іске асыру мәселелері қаралды.

Оған Парламент мәжілісінің төрағасы Ж.А.Тұяқбай, Білім және ғылым министрі Ш.К.Беркімбаева және тағы да басқа түрлі деңгейдегі басшы қызметкерлер қатысып, сөз алған болатын. Сол келелі кеңесте мінберге көтерілгендердің қатарында университетіміздің ректоры, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, физика–математика ғылымдарының докторы, профессор Төлеген Әбдісағиұлы Қожамқұлов болған еді. Ол өз баяндамасында білім саласын жетілдіруге қатысты өзекті мәселелерді қозғады. Біз осы баяндама мәтінін газетімізге жариялап отырмыз.



**Төлеген ҚОЖАМҚҰЛОВ:**

# "Негізгі міндет – уақытқа сай маман даярлап қана қоймай, ЗАМАНҒА САЙ АДАМ ҚАЛЫПТАСТЫРУ деп білемін"



**Құрметті парламент мүшелері!**
**Қымбатты әріптестер!**

Бүгінгі қарастырылып отырған мәселелердің маңызы өте зор. Оны министріміз **Шәмша Көпбайқызы Беркімбаева** өз баяндамасында жан-жақты қамтыды.

Қазақстан білімі мен ғылымының қай саласын алсақ та әлемде өз орны, өз деңгейі бар деуге болады.

**Басты мәселе** - маман дайындаудың сапасын көтеру, соның тиімді жолдарын анықтау. Бұл қажетті шарт, бірақ бүгінгі таңда, жоғары оқу орындарының негізгі мақсаты, негізгі міндеті – уақытқа сай маман даярлап қана қоймай, **заманға сай адам қалыптастыру** деп білемін.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 5 шілдедегі N 645 жарлығымен еліміздің ең таңдаулы 8 жоғары оқу орнына ерекше **ұлттық** деген мәртебе берілді.

Солардың көш бастаушысы, қара шаңырақ, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде маман дайындаудың сапасы туралы мәселе жоқ.

Мұнда 102 кафедра, 14 факультет, 7 ғылыми-зерттеу институты мен 9 ғылыми орталық бар. 31 докторлық және кандидаттық диссертация қорғау кеңесі жұмыс жасайды, 250 ғылым докторы, профессор мен 800 ден астам ғылым кандидаттары, доценттер ұстаздық етеді. Бұл жай ғана арифметикалық жиынтық емес. Ол – университеттің өз ішінен түлеп ұшқан ғалымдарының бірнеше буындары қалыптастырған ірі де іргелі ұлттық ғылыми мектептердің жетекші мамандары. Университет әлемнің 165 жоғары оқу орындарымен қарым-қатынас жасайды.

Сол сияқты қажетті деңгейдегі маман даярлауға еліміздегі басқа да бірқатар жоғары оқу орындарының мүмкіншілігі бар.

Бірақ, мәселе басқада...

Қазақстанның халық жазушысы, бәрімізге танымал академик ***Зейнолла Кабдолов : "Оқығаны бар, тоқығаны жоқ, естігені бар, көргені жоқ мамандар кездесіп қалып жүр",*** - деп еді. Меніңше, өте дәл айтылған.

Кезінде арман қуып, білім іздеп, Одақтың әр түкпіріндегі білім-ғылым ордаларында шыңдалып, маман болып оралдық, мүмкін әжептеуір маман да болған шығармыз. Бірақ... Мен, мысалға өз басым, тек кейіннен сонау ел ішінде қызмет істеп, елдің түп- тамырынан нәр алып, сонан соң ғана, ел азаматы, адам болып қалыптаса бастадым деп ойлаймын. Сондықтан да бүгін білім берудің ұлттық жүйесін қалыптастыру мемлекет деңгейіндегі бірден-бір қажеттілік болып отыр.

Қазір тәуелсіздігіміздің небәрі 10 жылы ішінде Қазақстан деген мемлекетті дүние жүзі танып білді. Жаңа заман басталды, сана бодандықтан босады.

Бүгін бізді ең алдымен жеріміздің, мемлекетіміздің тұтастығы, еліміздің тәуелсіздігі ерекше толғандырады, ойландырады. Қол жеткен осы байлықтарымызды сақтап қалу, одан әрі нығайту үшін, тілімізді, ділімізді, ұлттық рухымызды, экономикамызды өркендете беру үшін, табиғи, тарихи түп тамырымыздан айырылып қалмау керек.

**Сол себептен университет ұжымының түбегейлі принциптерінің негізгісі - татулық пен саяси тұрақтылықты құрметтеу, адам өмірін ардақтау болу керек.** Бұл өз кезегінде студенттерді азаматтық пен елжандылыққа,өз еліне, өз жеріне, өз отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке баулыйды. Сонда Конституцияға қайшы, қоғамға қарсы көтерілген, құйынға да, кездейсоқ соққан дауылға да иілмейтін, тамырын тереңге жіберген емендей берік ел азаматарының қалыптасуына жағдай туылады.

Адамгершілік негізі солқылдақ, адамшылық қасиеті берік орнықпаған **маманның** ел-жұртына қызмет істеу, халық мүддесіне адал болу қолынан келе қоймайды. Сондықтан да оқу орындарында маман даярлау саласындағы барлық істі ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде адам тәрбиелеп, азамат қалыптастыру міндетімен тығыз бірлікте ұйымдастыру аса маңызды.

Мұның **негізі** болашақ маман оқитын әр пәннің мазмұнында жатуы шарт, типтік оқу жоспарларында мемлекеттік компонент деңгейінде арнайы шешімін табуға тиіс. Білім берудің ұлттық жүйесінің өзегі осында деп есептеймін.

**Ел басының Қазақстан халқына Жолдауында**: "Ауыл дегеніміз - сайып келгенде, халықтың тұрмыс-салты, мәдениетіміздің, дәстүріміздің, әдет-ғұрпымыз бен рухани тіршілігіміздің қайнары", - делінген.

**Ауыл балаларының бастарының жұмыс істеу механизмі ешкімнен де кем емес. Әр түрлі обьективті және субьективті факторларға байланысты олардың білімінің деңгейі төмендеу болып келуі мүмкін. Ол кездесіп те жүр. Бірақ, ол оны сипаттайтын негізгі өлшем - критерий болмауға тиіс. Білімді толықтыру, көтеру уақытпен келетін қолдағы нәрсе.**

Сондықтан да талапкерлерді таңдау, іріктеу кезінде олардың алғырлығына, қабілеттілігіне ерекше назар аударылғаны жөн. Сонда ауыл балалары шетте қалып қоймайды.

Кейінгі жылдары оқуға түсу тестік емтихан тапсыру әдісіне негізділгені белгілі. Мұнда адамның жаттау, есте сақтау қабілеті бірінші кезекте тұрады. Ішкі жан-дүниесі, қарым-қабілеті, ойлау таланты қалтарыста қалады. Бұл ауыл мектептерінің түлектері үшін аса қолайсыз. Сондықтан да ауыл балаларына деген квотаны 50%-ке дейін көтерген дұрыс болар еді.

**Іргелі ғылым - қолданбалы ғылым - өндіріс**. Бұлардың арасындағы байланыстың **анықтығы**, **нәтижелілігі** қоғамның дамуына тікелей әсер етеді. Жоғары мектеп - өндірістің ерекше бір түрі.

Ұлттық университеттің оқу, ғылыми зерттеу, тәрбие жұмыстарының нәтижелілігін қамтамасыз етуде іргелі зерттеулердің ұстыны мүлдем ерекше. Тек іргелі зерттеулердің негізінде ғана адамзаттың дүниеге көзқарасы, дүниетанымы қалыптасады. Тек іргелі зерттеулердің негізінде ғана жоғары технология дамиды, жоғары білім мазмұнының сапасы артады. Ал, ол өнеркәсіптің өркендеуіне, оның өнімдерінің сапасының артуына, қоғамдық сананың кемелденуіне әкеледі. Бұдан кәсіпорындардан түсетін салықтың мөлшері артып, ол мемлекеттің көркеюіне, бюджетінің қомақталуына ықпалын тигізеді. Демек, мемлекеттік бюджетте міндетті түрде іргелі зерттеулердің өз үлесі болуға тиіс.

Жоғары оқу орындарында маман даярлау ісі бірінші курсқа студенттер қабылдаудан басталады.

**Қазіргі жағдайда гранттар мен несиелер университеттерге шашырап бір - екіден ғана бөлініп кетіп жүр. Ал, ол қандай қиыншылықтарға соқтыратынын барлығымыз білеміз.**

*Мемлекетке қажетті маманның қандай жоғары оқу орнында оқитынын мемлекеттік үйлестіру арқылы анықтау керек. Бұл орайда білім гранттарының тиісті бір мөлшерін ұлттық университеттерде орналастыру жөн болар.*

**Қорыта келгенде,** болашақта жоғары білімді мамандарды даярлаудың мемлекеттік стандартын ғылыми негізде **түзуді**, жоғары білім мен іргелі ғылым саласындағы мемлекет саясатының бағыты мен бағдарын ғылыми тұрғыда **негіздеуді** бүкіл ел-жұрт, әлем таныған ұлттық университеттерге тапсырған дұрыс болар еді.

**Назарларыңызға рахмет!**

**Кейінгі жылдары оқуға түсу тестік емтихан тапсыру әдісіне негізділгені белгілі. Мұнда адамның жаттау, есте сақтау қабілеті бірінші кезекте тұрады. Ішкі жан-дүниесі, қарым - қабілеті, ойлау таланты қалтарыста қалады. Бұл ауыл мектептерінің түлектері үшін аса қолайсыз. Сондықтан да ауыл балаларына деген квотаны 50% ке дейін көтерген дұрыс болар еді.**

***Адамгершілік негізі солқылдақ, адамшылық қасиеті берік орнықпаған маманның ел-жұртына қызмет істеу, халық мүддесіне адал болу қолынан келе қоймайды.***





Тəлім

# ƏДЕП ƏЛЕМІ ЖАЙЛЫ БІРЕР СӨЗ

Мəдениет - қоғамдық сананың бір түрі, көне түрі. Мəдениет жер шаруашылығынан бұрын, металлургиядан бұрын, мемлекет, құқық, ғылым – білімнен анағұрлым бұрын пайда болды.



**Бахтажар МЕКІШЕВ, ҚазҰУ-дың ардагер ұстазы, еңбек сіңірген мəдениет қызметкері**

Қандай формацияда, қай қоғамда өмір сүрсең де, қоғамдық өмірден, əлеуметтік құбылыстардан ешкім де тыс қала алмайды, оқшау тұру үшін Робинзон Крузо болып, барса келместе, меңіреу аралда тұруың керек.

Театр киім ілгіштен басталады (Станиславский). Мəдениет бет жуудан басталады. Тəрбие бесіктен басталады – оны бəріміз де айтып жүрміз. «Бесік тəрбиесін көрмеген бала» деу жақсы сөз емес. Қатал айтылған.

Мен тереңірек айтар едім: Сəби тəрбиелеу Ананың құрсағынан басталады, оны біреу айтады, біреу айтпайды, біреу біледі, көбіміз білмейміз.

Əдептілік неден басталады? Ол ең алдымен сəлемдесуден басталады.

Сəлем беру, дұрыс сəлем қайтару – ең арзан дүние, ақша төлеудің керегі жоқ. Бұл қағиданы үлкен аудиториялардың қабырғасына жазып қою да артық емес.

Қызық халық студент жастар. Емтиханға бір күн қалғанда жайылып жастық, иіліп төсек болуға дайын. Күніне үш рет сəлем беретіндер бар. Жəй уақытта иығыңнан қағып, өкшеңді басып өте береді. Емтихан, сынақ өткен соң олардың əрекет-қимылы күрт өзгереді, ұстаз түгілі, көкесін де танымайды.

Əдептіліктің екінші кілті – сөйлеу мəдениеті.

Адамзаттың жануарлар əлемінен басты айырмашылығы - ойлай білу, сөйлей білу. Тіл - өзара байланыс, қатынас құралы, онсыз қоғам бір күн де өмір сүре алмаған болар еді. Күніне мыңдаған, он мыңдаған сөз естіп, сонша сөздерді өздеріміз пайдаланамыз. Ретті, ретсіз пайдаланамыз. Күніне 4 сағат дəріс оқитын лекторлардың, мамандардың лекциясы көп жағдайда монолог сипатты келеді. Студент тыңдап отыр ма, ұйықтап отыр ма шаруамыз шамалы. Сұрақ-жауап, диалог дегеннің аты бар да заты жоқ. Əсіресе, жас оқытушылар шпаргалкадан айрылмайды, одан бас көтермейтін жағдаятты көп кездестірдік. Өзіміздің де басымыздан кешіргенбіз... «Бұл бас не көрмеген бас» депті біреу.

Сөйлеу мəдениеті бəрімізге ауадай қажет. Студенттер шығарма, мазмұндама жазады, сапасы əркилы. Диплом жазғанда көп дүниені басқадан, кітаптардан көшіре саламыз – оның бəрін қай жетекші тексеріп жатыр, уақыт құрғыр жетпейді.

Ғылым-біліммен айналысқан сіз бен біздерден де кемшіліктер табылады.

Əдептіліктің келесі бір кілті - құттықтау.

Ол да əдепке, мəдениетке тікелей тəуелді. Жаңа жылда, жеңіс күнін тойлағанда құттықтау хаттар алып жатамыз. Сіз күлерсіз, 8 наурыз мерекесінде де хат алған күндеріміз болған. «Сізді жəне бізді, «Жеті муза» мен «Қыз Жібек» клубындағы шəкіртеріңізді...» деп басталады студенттер тілегі. Рахмет айтамын. Бірақ жазылған хаттардың, құттықтаулардың тілі қалай?...

Өнер тойы



Жеңіс күні қарсаңында, яғни 8-мамыр күні Ө.А.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында республикалық ақындар айтысы болып өтті. Бір анығы, қазіргі уақытта айтыс халқымыздың мəдени-рухани өміріндегі өзіндік орнын, ролін əбден айқындап, бүкіл ел аумағында кеңінен қанат жайған өнер түріне айналып үлгерді.

# Шешім - əділ, баға - тең



Сонымен, бұл айтыстың өзге айтыстардан ерекшелігі – еліміздегі ең басты іргелі жоғары оқу орындары – əл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ақындары арасында өткендігі болды. Атап айтқанда, Астанадан келген А.Əлтаев (капитан), Д.Кəпұлы, Б.Имашев, А.Қалиев, С.Дүйсенғазин, Ж.Болтанова секілді ақындар мен ҚазҰУ-дың М.Тазабеков (капитан), А.Тұрсынбаева, О.Досбосынов, Б. Əшірбаев, Е.Жұматаев, Т.Арғынғали секілді суырып салма сөз шеберлері бəсекеге түсіп, əрқайсысы өз университетінің намысын қорғап, маржан ойлар мен қанатты тіркестердің тиегін ағытты. Бұл жолғы сөз сайысына да жұрт əдеттегіден көбірек жиналып, залдан орын табылмай, кейбір көрермендердің айтысты түрегеліп тұрып тамашалауына тура келді.



Осы ретте айтыс сүйер қауымға əдемі əсерлер сыйлаған мұндай дүбірлі доданың өткізілуіне үлкен ықпалы болған ҚазҰУ-дың ректоры Т.Ə.Қожамқұловтың кейінгі кездері қазақ халқының ұлттық өнеріне, ежелгі дəстүрлеріне айрықша жанашырлық танытып жүргенін айта кеткеніміз жөн.

Сайыс басталар сəтте айтыстың жүргізушісі белгілі ақын Ж.Ерманның додаға қаты-насушыларды ортаға шақырып, екі білім ордасы арасындағы бүгінгі өнер жарысының мəн-жайымен қысқаша таныстырып өткеннен кейін, ақындарға кезек берілді.

Екі жақтың айтыскерлері алдымен алма-кезек «Қайым айтыс» түрінде сөз сайыстырып, онда бір шумақ қара өлең үлгісінің алғашқы екі жолын бірі айтса, екінші жақ оны тез арада ұйқастырып, іліп əкету жөнінен сынға түсіп, бір-бірінің арындарын байқап алды.

Жалпы, осы жолғы айтысқа шығып тұрған айтыскерлердің барлығы да есімдері елге бұрыннан таныс, сындарлы сөз саптауларымен көрермендердің көзайымына айналып үлгергендер болатын.

Сондай-ақ, қазылар алқасының құрамында еліміздегі əр түрлі жоғары оқу орындарының ректорлары Т.Садықов, М.Нəрікбаев, Н. Мамыров секілді ұлтымыздың белгілі білім қайраткерлерінің жəне Е. Жақыпбеков, Қ. Əбілов сияқты майталман айтыскерлердің де болуы айтыстың мəн-маңызын арттыра түсті.

Сайыс барысында айтыскерлер бір-біріне жарасымды əзіл-қалжың айтып, ел өміріндегі түрлі жаңалықтарға тоқталып, екі оқу орнының жетістіктерін, ұрпақ игілігі үшін ерен еңбек етіп жатқан ұстаз-ғалымдар есімін паш етті.

Бұл жолғы сайыста Мұхамеджан мен Дəулеткерей, Аманжол мен Айнұр, Оразəлі мен Жібек, Ермек пен Айбек, Бекжан мен Балғынбек, Серікзат пен Талант жұптастырылды. Əсіресе, "Қыз бен жігіт" айтысының ерекше формада көрініс тапқаны осы сайыста шығар. Бұрынғы айтыстарда орын алып келген жігіт ақынның бас салып "мен сені ұнатып қалдым, алып қашамын" деген сықылды орындамас жасанды əрекетке баруы немесе бойжеткен ақынның "сенің қолың жетпейтін биіктемін" деп өзін бұлдауы бұл сайыстарда бой көрсете қойған жоқ. Керісінше, қазіргі тəрбиелі де тəлімді болып өсіп келе жатқан өскелең ұрпақтың бүгінгі озық үлгісінің бет-бейнесін көрсете білді. Айнұр мен Аманжолдың, Оразəлі мен Жібектің айтыстары көпшілік көңілінен шықты. Бұл сайыстардың екеуінде де ҚазҰУ-ліктердің мерейі үстем болды. Айтыс барысында ұтқыр теңеу, жарасымды қалжыңға құрылған жыр шумақтары көптеп кездесті.

Мəселен, Балғынбек:

"...Алматының көп мұнда жанкүйері
Таппасам болмайды екен бір айланы,
Қол соғып отырындар қошеметтеп
Парламентте депутат ағайлардың
Алматыда қап қойған жұбайлары"-

деген тапқырлыққа құрылған жыр шумағымен сонау жылдары елімізде кеңінен белең алып, біраз шу болған, одан бүгін де толық арылып кете қоймаған кемшін тұсымызды түйреп өтті. Оның кезінде Астанадағы күнделікті қызметіне Алматыдан қатынауды əдетке айналдырған байшікеш-тердің жағымсыз іс-қылығын əшкерелеуі орынды да ұтымды, қысқа да нұсқа, ешкімнің көңіліне келмейтін жеңіл əзіл түрінде жеткізілуімен жұртшылықты ерекше ырза етті. Бəлкім, "мақтамен бауыздау" деген тіркесті осындайда қолданғанымыз жөн шығар.



Əдеттегідей осы жолғы жыр бəсекесінде де Мұхаметжан, Дəулеткерей, Айбек өлеңдерінің көркемдік жəне интел-лектуалдық қуаты көзге ұрып тұрса, Айнұр, Жібек, Ермектер өлеңдерінде тапқырлық шешім өз жалғасын тауып жатты. Сондай-ақ, өзін бабында екенін танытқан Оразəлының жырауларша көсіле толғауы көрермендер көңілін бір селпіртіп тастады.

Бір айта кетерлігі, астаналық айтыскерлер құрамындағы Балғынбек, Дəулеткерей, Серікзаттар күні кеше ҚазҰУ-да тəлім алып, осы ұядан үлкен өмірге түлеп ұшқан жас қырандар еді. Əрине, айтыс барысында бұл жайт та тілге тиек етіліп, олар да өз ұшқан ұяларына арналған ілтипатқа толы сезімдерін əдемі жеткізе білді.

Сөйтіп, бүгінгі жыр сайысын тамашалаған көпшілік қауым бұрынғыдан өзгеше айтыс түріне ырза болып, осынау мəдени шараны ұйымдастырушыларға жүрекжарды сезімдерін арнап жатты. Қазылар алқасының шешімімен екі жақтың айтыскерлеріне тең баға берілді.

Қалай дегенмен де, екі университет басшылығының бұл бастамалары үлгі тұтуға лайық үздік жетістік болғаны анық. Өйткені, университет қабырғасында оқып жүрген студенттің ғылым-білімді жан-жақты игерумен бірге ұлттық рухани игіліктеріміздің тұнба қайнарынан қанып ішуі бүгінгі шақта аса қажетті мақсат-мүддеге айналып отырғаны белгілі. Тек осындай ұлттық салт-дəстүрдің уызына қанып өскен жас ұрпақ қана елдің ертеңгі болашағын жақсартуға сүбелі үлес қоспақ.

**Сəндібек ЖҰБАНИЯЗОВ**

Қара өлең қағанаты



Серік МАҚҰЛБЕКҰЛЫ, белгілі айтыс ақыны "ЕЛарна" арнасының редакторы:

# "Жаңалық бар – айналдым сабырсызға"

Жағымды ма, білмеймін, жағымсыз ба,
Жаңалық бар –
Айналдым сабырсызға.

Жаздың соңы жүректі құйынша ұрды.
Гүлдеді де бір сезім түйін салды.

Сезімде – нұр.
Бар, бірақ, көзімде мұң.
Өзгердім-ау өмірде өзім де мың!

Ей, көк түйін, ұйқыңды жаңа аштың ба,
Есіл жеміс қалмай ма қар астында?!

Бір қызық түс секілді бұл күндерім –
Мың бір мəрте еңіреп, мың күлгенім.

Жаман болса ол күлем бе,
Жан дəрменім?
Жақсы болса ол еңіреп нем бар менің?

Кісі емес,
Кісенді аттай кісінедім
Жемісті қайтіп аман пісіремін?

Қысқа жетпес жас жеміс нəзік анық,
Жылы жаққа кетсем бе қазып алып?

Түрлі жоспар миымда тұр үймелеп.
Бəлкім, жылы, оңаша бір үй керек?

Тəңір емен,
Ғұлама ғалым емен.
Бірақ, барам сен үшін бəріне мен!

Жасыл бағым, жасыма,
Туыңды тік –
Жемісіңді жеткізем уылжытып!

## Сол күні

Өзге бақтан кезім жоқ гүл ұрлаған.
Жолда жатқан алтынға бұрылмағам.
Қайран қала мен тұрмын саған қарап,
Қайдан ғана тап болдың, күнім, маған?

Мен сол күні өзімнен бөлек едім.
Өзен болып өңмендей жөнеп едім.
Кергілеген кемерін толқындарым,
Сені ағызып əкетер демеп едім.

Мен сол күні жалын боп лапылдағам.
Найзағай боп от шаша шатырлағам.
Сол жалынға сен келіп түсерiңді,
Ойлауы тиіс еді ақылды адам !

Солығымды баса алмай сол күні мен,
Кеудемді бір жел кернеп желпініп ем.
Жүрегімді жібердің езіп менің,
Көзіңдегі моншақтың мөлтілімен.

Əрі қарай əкетер анық бастап,
Қандай қызық тіршілік қалыптаспақ?
«Соқыртеке» ойнайды тағы тағдыр,
Көзімізді біздердің таңып тастап.

* * *

Көргім жоқ сені.
Неғылам түсіп азапқа?!
Мен емес құсың ұшатын қарсы өзі оққа.
Ақ жолмен жүріп жəнатқа бəлкім жетермін,
Сенен де сұлу хор қыздары бар о жақта.
Шақырма мені тоз-тозы шыққан тозаққа!

Көргім жоқ сені.
Күндіз - Күн, түнде – Айым бар.
Жанымда - жұртым,
жабырқар қандай жайым бар?
Ғашықтық - көзсіз желігі ғана көңілдің.
Жойылған,
Ондай сезімге нүкте қойылған!

Бұйырса, сонау жұмақтың жұмбақ бағынан
үзіп жеп жеміс,
бұлбұлдан тыңдап лағыл əн,
Қанатты пырақ үстінен сонда табылам!
Көргім жоқ сені.
Сағынам, бірақ, сағынам.
Неғылам!








**Олимпиада**

# Жас химиктер олимпиадасы



**Бұрынғы бүкілодақтық химия олимпиадасы қазір ТМД елдері арасындағы химиядан халықаралық Д.И.Менделеев олимпиадасы деп аталады. Оның негізгі көздеген мақсаты - ТМД елдеріндегі дарынды мектеп оқушыларын тауып, олардың химиядан терең білім алуына көмектесу.**

Бұл өткен олимпиадаға Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақ ұлттық университеті, “Шеврон” мұнай компаниясы, Қазақстан авиакомпаниясы, Раритет және т.б. қоғамдар көп үлес қосты.

Дәстүр бойынша олимпиада жылда 2-9 мамыр аралығында өтеді. Олимпиада 2 теориялық және 1 тәжірибелік турдан тұрады. Олимпиаданың бірінші турында 5 сағатта шығаруға арналған 6-7 есеп беріледі. Олипиаданың екінші турында қиын 15 есеп беріледі. Әр оқушы 5 сағат ішінде өзінің сүйген есептерін таңдап шығаруға болады. Оқушылардың ең жақсы шығарған 5 есебі ғана санаққа алынады. Тәжірибелік турда өте қиын 1 синтез бен 1 анализ есептері беріледі. Үш тур бойынша оқушылар барлығы 220 балл жинаулары керек.

Халықаралық Менделеев олимпиадасының есептерін құруға қалауы бойынша кез келген елдің кез келген адамы ат салыса алады. Әдетте ол оңай жұмыс емес. Дәстүр бойынша есебі қабылданған автор Менделеев олимпиадасының әділ қазылар алқасына мүше болып шақырылады. Әділдікке кепіл ретінде олимпиада ұйымдастырушы елдің де университетінің маңдай алды оқытушылары есептердің авторларымен жұп болып, есептердің шешулерін тексеруге қазылық етуге шақырылады. Осылай қазылық етуге әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия факультетінің профессор Ж.А.Әбілов бастаған олимпиадаға ылғи да ат салысып жүрген бір топ оқытушылары шақырылды.

Олимпиадада бас жүлдені Ресей командасының мүшесі, Қазан қаласының 11 сынып оқушысы Седов Игорь жеңіп алды. Қазақстан оқушылары 4 күміс және 7 қола жүлделер жеңіп алып, жақсы табыстарға жетті. Россия үкіметімен жасалған келісім-шарт бойынша Менделеев олимпиадасында I, II және III дәрежелі диплом алған жүлдегерлердің әр елден төртеуі Ресейдің кез келген оқу орнының химия мамандықтарына емтихансыз қабылданады.

Республикамыздың күміс медаль алған төрт оқушысы Нұрғабдешов Асылбек, Нұртазин Әнуар, Ысқақов Әсет және Төлебеков Ержігіт 5-14 шілде аралығында Нидерланды мемлекетінің Гронинген қаласында өтетін әлемдік химия олимпиадасында еліміздің намысын қорғайды.

Оқушыларымызға сәт-сапар тілейміз!

Қ. БЕКІШЕВ, анорганикалық химия кафедрасының доценті

**Конференция**

# Магистратураның өзекті мәселелері көп



**әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті осы айдың 30-31 күндері “Ғылыми-педагогикалық білім (магистратура) берудің қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелері” тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізеді.**

**Осыған орай біз университетіміздің магистратура бөлімінің үйлестірушісі Әділ Ережепұлы Ережепов мырзаға жолыққан едік.**

- Әділ Ережепұлы, ғылыми-педагогикалық білім беру мәселелерінің халықаралық деңгейде сөз болуының себебі неде?

- Жоғары білім беру жүйесінде әлемдік стандарт қалыптаса бастады. Өркениетті елдерде ғылымды бірінші орынға қояды. Сондықтан да оларда жас ғалымдар даярлауды, тәрбиелеуді жоғары оқу орындарының өзінде қолға алу тәжірибеге енгелі қашан. Көп сатылы білім беру жүйесі әлемдегі алдыңғы қатарлы оқу орындарының басым көпшілігінде бар. Әсіресе ғылыми- педагогикалық білім беру, яғни әрі ғалым, әрі педагог даярлаудың өзекті мәселелері солардың барлығына да ортақ

- Ал, енді осы халықаралық конференцияның біздің ұлттық университетімізде өтуінің басты себебі неде?

- Біздің университет магистрлер даярлауда республикамыздағы негізгі орталық болып саналады. Мұнда ғылыми-педагогикалық білім беру үшін ғылыми-теориялық, педагогикалық-әдістемелік негіз бен материалдық база жасау басқа оқу орындарына қарағанда бұрынырақ қолға алынып, оның іргетасы ертерек қаланды. Өзге оқу орындарына үлгі боларлық шаралар әуелі бізде жасалды. Ол шаралар бірте-бірте әлемдік деңгейге көтеріліп келе жатыр. Оның үстіне университетіміздің деңгейі әлемдік білім-ғылым кеңістігінде көп жағдайда басқа қазақстандық жоғары оқу орындарынан биік тұр. Дүниежүзі оқу орындары біздің университетті әлдеқашан мойындап қойған.

Үстіміздегі оқу жылына дейін 1500-ден астам түлектер университетіміздің магистратурасын бітіріп, Отанымыздың түкпір-түкпірінде қызмет етіп жүр. Олардың шамамен 35-40%-і аспирантураға түсіп, ғылыми салада еңбек етуде. 2001 жылы республика бойынша магистратураға 2500 орын бөлінсе, соның 1001 орны бізге берілді. Сол орындарға байқау негізінде 29 мамандыққа магистранттар қабылданды. Кейбір мамандықтар бойынша 1 орынға 4-7 адам таласты. Бір айта кететін жай, магистратураға республикамыздың басқа аймақтардағы ЖОО-ларынан келген 187 адам қабылданды. Бұл мәліметтер университетіміздің республикадағы магистрлер дайындайтын жоғары оқу орны болып отырғанын көрсетеді.

Университетте магистрлерге дәріс беруге ерекше көңіл бөлініп, жоғары талаптар қойылған. Өздеріңізге мәлім, бізде 250-ге жуық ғылым докторлары, профессорлар, 800-ден астам ғылым кандидаттары, доценттер қызмет етеді. Солардың ішінде 200-ге жуық профессорлар мен 500-ден астам доценттер магистратурада дәріс береді. Яғни, магистратураға сабақ беру және диссертациялық жұмыстарға ғылыми жетекшілік тек тәжірибелі мамандарға жүктелген. Осы уақытқа дейін магистратураның сапасын арттыру мақсатында біршама игілікті шаралар атқарылып, құжаттық негіздемелері талапқа сай жасақталынды. Басқаларын былай қойғанда, 96 мамандандырылу бағытында 1700-ден астам арнайы курстар бойынша жұмыс бағдарламалары дүниеге келді.

- Конференцияға алыс және жақын шетелдерден кімдер қатыспақ?

- Бүгінге дейін қолда бар мәліметтерге қарағанда, АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Египет, Түркия, Ресей, Қырғыз Республикасы, Өзбекстан жоғары оқу орындарынан осы саладағы мамандар келеді деп күтілуде. Біреулер өз тәжірибелерін көрсету үшін, енді біреулер үлгі алу үшін келеді,әрине. Сондай-ақ, конференция жұмысына республикамыздағы 15-тен астам жоғары оқу орны мен ғылыми-зерттеу институттарының өкілдері де қатыспақ.

- Конференция қандай бағыттарда жұмыс істейді?

- Конференция көтерілмек проблемаларға байланысты бірнеше бағытта жұмыс істейді. Біріншіден, көп сатылы білім беру жүйесіндегі магистрлер даярлаудағы ұлттық үлгінің ерекшеліктері мен халықаралық тәжірибелер; екіншіден, магистратураның тұжырымды-методологиялық, қағидалы-құқықтық негіздерінің мәселелері; үшіншіден, магистрлік дайындаудағы оқу-әдістемелік жұмыстарды жетілдіру; төртіншіден, магистратурада ғылыми-педагогикалық мамандарды даярлауға мемлекеттік тапсырыс туралы келелі сөз қозғалады.

Бұл конференция университет өмірінде екінші рет болып отыр. Алғашқысы 1997 жылы өткен. Біздің ұлттық білім ордамызда магистратура мектебінің жұмыс істегеніне аса көп бола қойған жоқ. Әйтсе де, осы бағытқа тұңғыш жол салған бізде жинақтаған біршама тәжірибе бар. Ендеше, алдағы өткелі отырған келелі кеңесте біздің мамандар өз тәжірибелерін басқа ЖОО-лардағы әріптестерімен бөлісіп, тәжірибе алмаспақ.

- Әңгімеңізге рахмет. Конференция жұмысына сәттілік тілейміз!

Бекжан ӘШІРБАЕВ

**Михаил Наурызбаев – 60 лет**

**Михаил Касымович Наурызбаев – академик Академии наук Высшей школы РК, доктор технических наук, профессор. Родился в Алма-Ате 21 мая 1942 г. Выпускник химфака КазГУ им. С.М. Кирова, впоследствии долгое время был его деканом. В 70-е гг. возглавлял научно-исследовательский сектор КазГУ, в конце 90-х – экспертную комиссию по химии и химической технологии высшей аттестационной комиссии РК. С 1988 по 1991 год занимал пост ректора Казахского химико-технологического института в Шымкенте. С 1993 г. бессменно заведует кафедрой аналитической химии и химии редких элементов химфака КазНУ им. аль-Фараби. Одновременно руководит созданным при факультете Центром физико-химических методов исследования и анализа (ЦФХМА). Известный ученый-химик в области металлургии, экологии, один из организаторов высшего образования в Казахстане.**



# ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫЙ ЧЕЛОВЕК И УЧЕНЫЙ

С трепетом произносит Михаил Касымович имена своих учителей: академики АН КазССР М.Т. Козловский, М.И. Усанович, Д.В. Сокольский, Б.А. Жубанов, члены-корреспонденты АН КазССР Б.А. Беремжанов, О.А. Сонгина, профессор В.П. Гладышев и др. Рассказывая о себе, отшучивается: “Да обычная у меня судьба. Можно сказать, типичный продукт советской эпохи”. Между тем, по его научно-исследовательской деятельности можно судить о некоторых этапах развития химической науки в республике, истории университета, нуждах промышленного производства. И сегодня на нем огромный груз проблем: проведение фундаментальных, прикладных, инновационных исследований, финансирование научных программ.

Поступив в 59 году в КазХТИ, Наурызбаев одновременно начинает свою трудовую деятельность – рабочим цементного завода. Затем следует перевод на химфак КазГУ, где, по отзывам сокурсников, он сразу сразил всех своей воспитанностью, галантностью, подтянутостью. Вскоре проявил такие качества, как надежность, смелость, готовность принять удар на себя. Так, во время одной из производственных практик, оказавшись на берегу Иртыша, ни секунды не раздумывая, кинулся спасать тонущего человека. Во время учебы серьезно, азартно увлекся наукой. Поэтому по окончании университета его оставили стажером-исследователем на кафедре аналитической химии.

Тема кандидатской диссертации Наурызбаева весьма актуальна для 70-х – “Влияние поверхностно-активных веществ на процессы восстановления металлов на ртутном и амальгамных электродах”. После ее защиты группа молодых ученых, работающих на кафедре, в течение нескольких лет вела интенсивные исследования в этом направлении. Благодаря этим разработкам на Балхашском и Джезгазганском горно-металлургических комбинатах были внедрены процессы рафинирования меди, а на Усть-Каменогорском свинцово-цинковом комбинате и Челябинском цинкэлектролитном заводе – электроэкстракции цинка. А в казахстанской школе электрохимиков родилось новое направление – управление кинетикой электродных процессов в многокомпонентных системах с помощью ПАВ.

> ***Многих студентов он знает по имени, каждому старается помочь, будь то бытовой вопрос или денежный. Однажды студентам понадобились для художественной самодеятельности домбра и гитара – средств на это не было, и Михаил Касымович дал их из своего кармана.***

На XI Менделеевском съезде, проходившем в Алма-Ате, Наурызбаев рассказал о дальнейших исследованиях по своей теме. Его поддержал академик А.Н. Фрумкин, и обобщением стала докторская диссертация “Разработка научных основ химических и электрохимических методов выделения металлов с применением ПАВ”, успешно защищенная в 1992 г.

Результаты научных изысканий профессора и его учеников опубликованы в 300 работах. Ими получено около 60 авторских свидетельств на изобретения и патенты, что говорит о ценности и новизне проводимых работ. Под его руководством защищено 26 кандидатских и одна докторская диссертация. А 2002 г. уже вошел в историю факультета: ученик Наурызбаева Хайдар Тасибеков получил грант Росавиакосмоса за исследования экологии районов, где происходит падение первых ступеней космических ракет, запускаемых с космодрома Байконур. Районов, врагом которых стал гептил. Вообще, Центральный Казахстан, подверженный воздействию ракетно-космической деятельности, стал объектом пристального изучения сотрудников ЦФХМА и кафедры аналитической химии КазНУ.

В бытность деканом химического факультета Михаил Касымович организовал 10 новых специальностей.

Многих студентов он знает по имени, каждому старается помочь, будь то бытовой вопрос или денежный. Однажды студентам понадобились для художественной самодеятельности домбра и гитара – средств на это не было, и Михаил Касымович дал их из своего кармана. Когда же любимца студентов освободили от должности декана после печально известных декабрьских событий 86-го, на факультете назревала студенческая забастовка...

Бывший опальный декан вскоре избирается ректором Чимкентского КазХТИ. Под руководством Наурызбаева вуз выходит из учебного и экономического кризиса: открываются новые факультеты, ведется интенсивная профориентационная работа с учащимися региона. Потом – возвращение в Алматы, работа в институте “Эргономика” и, наконец, снова альма-матер, снова должность декана химфака (до октября 2000 г.), а затем – бессменное заведование кафедрой, которую сам когда-то оканчивал.

Коллеги подчеркивают необыкновенную доброту Михаила Касымовича, его столь несвойственный нашему времени альтруизм. Наверное, наиболее емко сказала о своем ученике старейший преподаватель университета, доктор химических наук, заслуженный деятель науки Казахстана Александра Ивановна Зебрева: “Это огромной душевной теплоты человек. Чувствует себя комфортно только тогда, когда все вокруг тоже чувствуют себя комфортно. Необычайно добрый, но вместе с тем весьма требователен к себе и к другим. Прекрасно совмещает исследовательскую и преподавательскую деятельность. Великолепный организатор. В бытность студентом был первым зачинщиком разных добрых дел на факультете. И, знаете, он сохранил этот свой задор до сих пор”. Работа в Центре, участие в международных конференциях, зарубежные научные командировки. Так, академик Наурызбаев читал лекции в лондонском и варшавском университетах. Его труды получили высокую оценку в Праге и Стокгольме, Москве и Санкт-Петербурге, а ученики успешно трудятся в Казахстане и России, Китае и Америке.

Вот такая обычная необычная судьба. Сорок лет, отданные науке, – отрывок из летописи жизни замечательных людей КазНУ. Весомый отрывок.

**Эльмира АУМАН**







Рух

Көне тарихқа жүгінсек, ахеменииттіктердің ең соңғы ірі тұлғасы Дарий I патша болыпты. Одан кейінгілері тақта отырумен ғана өмірлерін өткізіпті. Ал Дарий III тұсында біржолата құлаған бұл мемлекеттің ең мықты да жойқын екі патшасын ұлы даланың екі батыр қызы о дүниелік етіпті. Кир II патшаның басы өз жерінде көмулі. Дарий I патшаның денесі қазір де Қарабұғаз жақта.

# ДАРИЙ I патшаны кім жеңді?

## Немесе 16 жасар қазақ қызының ерлігі



Оны мерт қылған қыздың есімі әлемге аян. Десек те, дәл кімнің қызы және ол ерлікке неше жасында барды, бізге беймәлім. Әйтеуір, асқан сұлу да ақылды жас қыз екенін білеміз. Ақылды болмаса, Дарий I сияқты айлакер патшаны жеңе ала ма? Нәзік қызда қара күш қайдан болсын? Ендеше, әйел заты бола тұрып, ұлы жеңісті иеленген сол батыр қыздың жасаған ерлігін естудің өзі бір ғанибет.

Сонымен, Дарий I патша Кавказды қансыратып жатқан кезде 15 жасар грузин қызы оны өлтірмек болған екен. Балалығы сырын ашып қойыпты да, жау қолынан өзі мерт болады. Халқы кейін елін сүйген қызға арнап ән шығарады. Біздің елге жеткенде, Дарий I ұйқы көрмейтін дертке ұшырайды. Грузин қызының бейнесі көзіне елестеп, әлек қылады. Осы күндерде біздің НАЗЫМ да дайындық үстінде болады. Бар болғаны 1 ай ішінде өзін-өзі даярлайды. Алдымен алмас қылыш соқтырады. Күн сайын қайралған қылыш ұстара секілді өткірленеді.

Жолындағысын жайпап келе жатқан Дарий I өзінің тәжі мен мөрін Назымның еліне қоса ала келеді. Екі айдан соң қызға үйленіп алғысы келеді. Алшын руының атақты байына күтушісін жібереді. Бай үйінен табылмайды. Бес тәулік бұрын Сарыарқадағы елге жасақ жинауға кеткен-тін. Назым сол байдың жалғыз қызы. Тоғыз ағасы да қол жинауға кетіпті. Он алтыға жаңадан толған Назым сұлу болашақ күйеуді сол жылдың жазында көруі керек екен. Үй-іші жасауын даярлап, алыстағы күйеу жігітте кісі жіберіп, екі жақ қамданумен болыпты. Күйеу жігіттің елі жаудың басып алғанын естіді. Жас жігіттің жүрегі бір сұмдықтың боларын алдын ала сезеді де, дегбірсіздене бастайды. Амал не, Дарий I жіберген 5 өкіл сөзге келместен Назымды ала кетеді. Киініп жүріп қанжарын қонышына салған көреген қыз үйден басына орамал жауып шығады. Бұл «енді мәңгілік оралмаймын» дегеннің белгісі еді. Анасы талып қалады да, сол сәтте мерт болады. Екі жеңгесі ере кетеді. Үшеуін бір атқа мінгізіп алып барған бес дәу, екі келіншекті бірден еліне қайтарады. Ұзақ уақыт психологиялық даярлықтан өткен Назым аяғын әрең басып, есіктен сол аяғымен кіреді. Бұл «саған берілмегенді» қимылмен көрсету еді. Үйдің мүңкіген нашар иісінен нәзік қыздың жүрегі айнып құсады. Бұған ызаланған Дарий I ақырайын десе, талдырмаш мүсін үзіліп кетердей көрінді. Ызасын зорға басып орнынан тұрған ол, қызға жақындай бергенде Назым талып қалады. Өмірінде бұндай нәзіктікті көрмеген Дарий патшаны қыздың жұпар исі тамсандырады. Ұзақ уақыт ойланып отырады. Қызды көтеріп алғысы келеді. Жақындайын десе өлтіріп алам ба деп қаймығады. Сөйтіп отырып өзі де қалай қалғып кеткенін сезбей қалады. Бір кезде кеңірдегі шым ете түседі. Қолын арбандатып, ауаны қармаумен болады. Қыздың тобығына түсетін қос бұрымындағы сылдырлаған шашпаудың түйық ұшы оның үш саусағына ілініп үлгереді. Патшаның екі көзі жұмулы. Кеңірдекке енген қара кездік тереңге бойлапты.

Кеңірдектен шапшыған қан, еденге жайылып болғанда ғана біреу есіктен сығалапты. Тым-тырыс. Ала көлеңке бөлмеден ештеме байқалмайды. Қыздың рахатын Дарий I көріп жатыр екен деп сенген күтуші есікті жауып қояды. Таң ағарып атқанда Назымға ес кіреді. Орнынан тұра бергенде тағы да шалқасынан түседі. Баяғы шашпау патшаның үш саусағына маталып қалыпты. Қыздың бойы мұздай бастағанда үш көмекші кіріп келеді. «Патшамыз ызадан қызды өлтіріп, өзінің кеңірдегіне пышақ тықты» деген қорытындыға келген. Олар қызды атқа өңгеріп үйіне апарып береді. Серейген денені көрген жеңгелері талып қалады. Қызды анасының жанына жатқызады. Назымның үстіндегі киімдері түгел қан. Дарийдің қаны. Шешіндіре бергенде көзін ашқан қыз бірден кездігін сұрайды. Туыстары сонда барып ұғады. Назымды көтерген бойы басқа ауылдың ең нашар деген қорасына апарып тығады. Өздері де сол түні үйлерін тастап әлгі ауылға келеді. Келесі күні қызды шомылдырып бөлек ауылдың бір үйіне жеткізіпті. Алыстағы күйеу жігіт те жетеді. Дарий I өлген соң, бүкіл әскері бытырай бастайды. Дүние төңкеріліп қалғандай болады. Ахаманиттіктердің бір жаман әдеті болған: басшысы мерт болса, жауынгерлері бас киімдерін жерге ұрып өкіреді екен.

Қуып жетіп шеттерінен баудай түсірген біздің батырлар, жау әскерімен 19 ай шайқасыпты.

Дарий I патшаны соңғы сәтінде отырған үйге көміпті. Жеңілген жаудың каруларын теріп тастауға 9 тәулік кеткен. Бәрін үйіп бір жерге көмгенде көлемді дөң шығады. Дөң астында 52 мың ахаманиттік пен 92 мың дала қазағы жатыр!

Шарафат ЖЫЛҚЫБАЕВА,
филология факультетінің
2 курс студенті

Ер тарихы - ел тарихы

# Қазақ батырлары - ел қорғаны

«Тарихсыз халық - тұл» демекші, әр халықтың өзіндік даму жолы, даңқты өткені болады. Даңқты өткені - әр халықтың әскери тарихы, бүгінгі күнге дейін өз тәуелсіздігі, жер тұтастығы жолында жүргізген соғыс тарихы, ұмытылмас жанкешті ерліктерінің шежіресі.



Адамзат тарихында «әскери өркениетімен» танымал болған көшпенділердің тарихындағы орын алған ерекше құбылыс - кәсіпқой әскерлер жігі саналатын «батырлар институты». «Батыр» сөзі — түркі-моңғолдың «баһадүр», «батур», «бакхату» сөзінен шыққан, негізгі мағынасы ер жүрек, қаһарман, батыл дегенді білдіреді.

Жапонның самурайлары, Еуропа рыцарлары, үнді кшатрейлері сияқты әскери қызмет қазақ батырларының қоғамдық монополиясы еді. Сонымен батырлар дегеніміз: 1) соғыс ісін кәсіпке айналдырған; 2) бүкіл өмірі соғыста өтетін; 3) кәсібі бүкіл әулетіне жалғасып отыратын; 4) мемлекеттік билікті тығыз қолдарына ұстаған; 5) әр түрлі меншік иелері болған; 6) хандық билікпен тығыз байланысты; 7) өздерінің жеке идеологиясы, жауынгерлік намыс кодексі, т.б. бар көшпелі қазақ қоғамының ерекше жігі. Бұл қоғамдық жіктің осындай ерекшеліктеріне негізделген өмір сүру салтын «батырлық», «батыршылық» деп атаған. Бұл туралы жырларда:

Дулығамның төбесі
Туған айдай болмаса,
Батыршылық сүрмен-ді! — деген өлең жолдарынан батыршылықтың өмір сүру салты екені (жай ғана ерлік, ержүректілік емес екенін) көреміз.

Алғашқы қауымдық кезде батырлар ру-тайпа қолбасшысы, одан кейінгі дәуірде хандық билікпен тығыз қатынаста басқарушы жүйе құрып, XVIII ғ. өз алдында жаугершілік заман шыңдаған «батырлар институты» гүлденген кезеңді өткерді. Бұл кезеңде жоңғар басқыншылығына қарсы соғысты халық жасағын басқарған батырлар Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Олжабай, Малайсары, Тайлақ, Саңырақ, Қойгелді, Баян батырлар, т.б. саяси - әскери сахнаға көтерілді. Батырлар институты XIX ғ. орыс отаршылдығының күшеюімен хандық билікке қарсы көтеріліс басшылары ретінде екі жақты сипатымен көрініс берді. Батырлар қазақ қоғамында кең ауқымға ие болып, әскери-саяси және әкімшілік-шаруашылық қызметін орындауымен ерекшеленеді.

Сонымен, ойымызды түйіндей айтсақ, қазақ қоғамындағы батырларды жеке бас қасиеттері тұрғысынан ғана емес, соған қоса Қазақ хандығының әскери құрылымында шешуші маңызға ие әскери жік өкілдері ретінде, ал ғылыми негізде «батырлар институты» тұлғасында карастыру қажет.

Қарулы күштеріне 10 жыл толған Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігін нығайтуда, өскелең ұрпақты Отансүйгіштікке тәрбиелеуде елі мен жерін найзаның ұшымен, білек күшімен сақтап келешекке аманат еткен батыр бабалардың өшпес ерліктері зор өнеге, қайсар рух берері сөзсіз.

Құбаш МЕНДІҒАЛИЕВ,
тарих факультетінің
3 курс студенті

Тәуелсіздікке тәуба

# Отаншылдықтан асқан ұғым жоқ

Жалпы, патриотизм дегеніміз Отанға деген шексіз сүйіспеншілік. Отанды сүю отбасынан басталады десек, патриотизм де отбасынан басталуы қажет.

Патриотизм көріністері қазақ халқы үшін сонау Жәнібек пен Керей сұлтандардың жеке қазақ хандығын құруынан басталды деуге болады. Сұлтандар өздеріне сенген елдің болашағын ойлап, бодандықтан бас тартып, елін тәуелсіз бақытқа бастады. Содан бері қазақ халқының басынан нелер қиын жағдайлар өтті. Тайпалар арасындағы қақтығыстар, жер үшін ұрыстар жүріп жатты. Жоңғарлар бүйірден тигенде, батырларымыз өз еліне, туған жеріне деген сүйіспеншіліктерін білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғау арқылы дәлелдеді. Шыңғысхан қанды жорықты бастағанда, қаншама ерлер елі үшін опат болды. Сол кездері ел басқарған хандарымыздың да ел мен жер алдындағы еңбектері ерекше еді. Сонымен қатар данышпан билеріміздің еліміз үшін еткен еңбектері әлі күнге ел аузында жүр.

Қазыбек бабамыздың, жоңғар қолына түскен атақты Абылай бабамыздың екі алып империяның ортасында отырып, кең-байтақ территорияға ие болып отырғанын, ел шетіне жау тигізбей бүгінгі ұрпаққа жеткізгенін мақтаныш емей не дейміз?!

Кешегі кеңес дәуірінде қаншама белден басу әрекеттері болды. Еліне еңбек етіп, елі үшін құрбан болған Үш Бәйтерек, Бес Арыс, басқа да алаштың ардақты азаматтарының әр қайсысы жеке тұлға, бір-бір патриоттар еді.

Қазақ халқының өнер, білім, мәдениет саласындағы ерлерінің барлығы да өз дәуірінде елінің жағдайын естен шығармаған. Қазақстанда қаншама үкімет орнады, солардың барлығымен саяси сауатты түрде жұмыс жасай білген ерлеріміздің еңбегі.

**Жандос СМАЙЫЛХАНОВ,**
**география факультетінің 2 курс студенті**



Перзенттік парыз

# ӘСКЕРГЕ БАРУ - БОРЫШЫМ

Шалғайда жатқан ауылдың өзіне тән табиғаты бар, басқа жерлерге қарағанда артықшылығы - жан-жағын қоршаған көгілдір көлдері еді. Осы көлдердің жанында жүз шаруа отбасы тұратын “Шөмішкөл” атты ел жатыр.

Бұл ауылдың да нарық кезеңінде кешкен қиыншылығы мен ауыртпашылығы жетерлік. Дегенмен, бұл қиыншылықтарды жеңуге ұмтылған талантты жастары көп.

Отанын қадірлеп, қастерлеген ұландар жайында газет-журналдардан оқып, мектепте жүргенде-ақ қызығып жүретін Жайдар өзінің есейіп, әскерге жарайтын уақытының келгенін білмеген еді. Ауылдан әскерге кеткен жастардың жазған хаттары мен келген суреттерін көргенде, жүрегі дүрсілдеп, қашан мені шақырады деп ойлайтын. Өзінше солдаттарға ұқсағысы келіп, еңсесін тік ұстап, жүрісін дұрыстап, тырысып бағатын.

Енді, міне, сарғайған сары жапырақтар түсіп жатқан күздің жаймашуақ күндерінде өзіне аудандық әскери бөлімшеден шақырту қағазы келеді деп ойламаған. Шақырту қағазы келгенде өз көзіне өзі сенбей, “шынымен де шақыртқаны ма? Менің де армияға жарағаным ба?” деген көкейкесті сұрақтар мазалайды. Бірақ, бұл сұрақтарға жауап берер Жайдардың сол мезетте халі жоқ еді. Келген сұрғыш қағазға қарап әлі ойланып тұр.

— Балам-ау, не қағаз, көрсетші маған, — деп жанына келген анасын да байқамады.

— Неғып тұрсың состиып? — дегенде ғана Жайдар ток соққандай дір етіп,

— Апа, мені әскерге шақыртыпты, - деді асығыс қуанышы мен қорқынышы аралас дауысы дірілдеп. Осы қас-қағым сәтте Жайдар бір шешім қабылдауым керек деп ойланып үлгерген еді.

Жігіт болдым, әскерге шақырды, - деп қуанышын Жайдар достарына айтуға асыға басып жүгіре жөнелді.

Сең соққандай түкке түсінбеген күйінде анасы тұрып қалды да, “Жоқ Жайдарым баламның үлкені, қайтсем де әскерден қалдыруым керек. Себебі, ол жақта балалар ұрады, тамағы жоқ, қарны ашады. Көзін бозартқанша мен оны жібертпеймін, - деп өзіне қатаң шешім қабылдаған күйінде, - кешке көкесіне айтармын” деп үйіне қарай бұрылды.

Кешке дастархан басына барлығы жиналды. Бүгінгі әңгіме Жайдардың әскерге бару, бармауы жайында.

Анасы әп-сәтте-ақ:

— Жайдарды жібермеймін, қарны аш, тоқ болса да көз алдымда болады, - дей бергенде Сағит көкесі:

— Жә, жетер! Тоқташы сарнай бермей. Барлығымыз барып келген жеріміз ғой. Ештеңе етпейді. Барады, - деді Жайдарға қарап бір шешіммен.

Төмен қарап, басын салбыратып отырған Жайдардың да күткені осы еді, қуанғанынан орнынан атып тұрды да:

— Көке, қашан жүреміз қалаға, — деді ентігіп, бейне біреу қуып келе жатқандай.

- Жә, балам, асықпа. «Асығыс - шайтанның ісі» деген. Ертең ертеңмен жүреміз, — деді.

Теріс қарап, көзінің жасын сығымдап отырған анасы:

— Қайда барсаң да аман болып, Отаныңа адал қызмет етсең болды, - деп, соңғы сөзіне келгенде өзіне-өзі ие бола алмай, жылап жіберді.

—Кеш болғанда жылама. Бар да, баланың киімін дайында, - деді Сағит көкесі әмір етіп.

Көкесі әмір етсе, бәрінің орындалатынын білетін Жайдар киімдерін дайындап жатқан анасының сыртынан қарап тұрып, өзінің есейгенін түсініп, көңілін өксік қысқандай тез-тез басып сыртқа шығып кетті.

Ертесіне ертемен ауылға бір малын сойып, үлкендердің батасын алып, Жайдар мен көкесі жолға шықты.

Анасының алдына қойған тосқауылынан құтылып шыққан Жайдардың алдында “аудандық, облыстық әскери комиссариаттардан жақсы өтсем ғой, шіркін! Қашан солдат боламын” деген балаң көңілдегі арманы шарықтап бара жатыр еді.

Көкесі екеуі түс ауа аудандық, екі күннен соң облыстық комиссариаттардың алдында тұрды.

Кетпей қаламын ба деген қорқыныш Жайдардың көңілінен сейілгендей.

Ендігі ойы - қай қалаға жіберетіндігі. Бас-аяғы он шақты күннің ішінде қайда баратыны да шешілді.

Ертесіне кешке Жайдарды шығарып салуға ауылдан анасы және екі-үш туысқаны келді. Барлығы Жайдарды 2 жылдық борышын өтеуге әскерге шығарып салды.

Жайдар өз бойынан тұңғыш рет “қажеттілік” деген ұлы сезімді өткерді. Ол - өз Отанына деген қажеттілік болатын.

Жандос БАСЫҒАРАЕВ,
биология факультетінің 3
курс студенті





Дәрігерлік кеңес



Туберкулез – бұрыннан белгілі сырқат түрі, одан адамның көптеген ағзалары зардап шегеді. Бұл ауру өкпені, бронхидтарды, сүйекті, жыныс мүшелерін қамдайды. Әр түрлі мидағы түйіндеріміз көз, менинтиалдық қабықтар кінаратқа ұшырайды.

# ТУБЕРКУЛЕЗ - қауіпті дерт

Туберкулезбен үлкен де, кіші де ауырады. Дегенмен, емдеу жүйелі түрде жүргізілсе, одан толық айығуға болады. Туберкулезді емдеудің әр түрлі кезеңдері бар.

Алғашқы кезеңде ауру анықтала салысымен адам ауруханаға жатқызылып емделеді. Онда жату мерзімі әр түрлі. Ауруханаға жатқан адам туберкулезге қарсы дәрі-дәрмекті 10-12 ай ішуі қажет. Бұл мерзім туберкулездің түрі мен емделу деңгейіне қарай дәрігердің үйғарымы бойынша қысқартылуы да, ұзартылуы да мүмкін.

Туберкулезге қарсы дәрілерді ішумен қатар, аурухана тәртібін сақтаудың да маңызы зор. Ауру асқынып тұрған кезде стационардағы сырқат адам төсекте жату режимін сақтауы тиіс. Ішетін тамақтары белоктар мен витаминдерге бай болуы керек. Темекі тартуға, ішімдік ішуге үзілді-кесілді тиым салады. Улану белгілері жойылғаннан кейін ғана ауру адамның аздап жүруіне, таза ауада болуына, дене шынықтырумен айналысуына рұқсат етіледі.

Емдеудің екінші кезеңі — шипажайда өткізіледі. Біздің республикамызда туберкулезден емдейтін бірқатар шипажайлар бар, оларда ауру адамдар тегін емделеді.

Ауруды емдеудегі үшінші кезең - амбулаториялық ем. Бұл жағдайда ауру адам туберкулезге қарсы диспансер мейірбикесі мен дәрігерінің бақылауымен амбулаториялық тегін ем алады.

Сырқат адам толық жазылып кеткеннен кейін де туберкулезге қарсы диспансер науқасты және оның отбасын бақылауды тоқтатпайды.

Туберкулезді емдеудің негізгі тәсілдерінің бірі — дәрі-дәрмек ішу. Қазіргі кезде туберкулезге қарсы қуатты дәрілер бар. Оларды ішу аурудан толық айығып кетуге мүмкіндік береді.

Ауру адам дәрігердің ақыл-кеңесін жете түсініп, мүлтіксіз орындап отыруға міндетті. Жүйесіз емделу нәтиже бермейді. Сонымен қатар, бір дәріні тым ұзақ іше беруге де болмайды. Өйткені, туберкулездің микробтары ол дәріге үйреніп алады. Мұндай жағдайда науқасқа ем қонбай қалуы мүмкін. Кейде ауру адамның тәні дәрілерді қабылдамайтын жағдай кездеседі. Мұндайда көмекке оташылар келеді. Ауру ағзаны, не зардап шеккен жерді қиып алып тастау арқылы да сырқат адамды емдеп жазуға болады.

Егер бір себептен туберкулез созылмалы болып кетсе, дәрілік препараттар ауру адам айналасындағыларға сырқат жұқтырмайтын, қауіпсіз болатын дәрежеге дейін көмектеседі. Ауру адамды осынша дәрежеге жеткізе емдеу үшін, ол арасын үзбей, жүйелі түрде емделуге тиіс.

Сонда сырқат адамдар 2-3 айдан кейін өздерін жақсы сезіне бастайды, жандарын қинамайтын болады, дел-сал күйден арылады. Алайда, кейбір сырқат осыдан кейін өздерінің сырқат екендіктерін ұмытып, туберкулезден ұзақ емделу керек екендігін естерінен шығарады, сөйтіп, өз беттерінше дәрі ішуді қояды, болмаса аурухана режимін бұзады. Соның салдарынан ауру адамның халі қайта нашарлайды, туберкулез асқынып, оған ешқандай дәрі-дәрмек әсер етпейтін, ем қонбайтын болады. Сондықтан туберкулезбен ауыратын адам дәрігерге дер кезінде көрінуі, емді арасын үзбей ұзақ қабылдауы тиіс. Ауру адамның туберкулезден жазылған, жазылмағанын, оның дәрі-дәрмекті қанша уақыт ішу керектігін тек емдеуші дәрігер ғана шешеді. Дәрігердің айтқандарын мүлтіксіз, әрі бұлжытпай орындап отыру — ауру адамның міндеті. Одан осы ғана талап етіледі. Тек осы айтылғандарды орындаса, бұл дерттен толық сауығуға болады.

Закира ҚҰРБАНҚЫЗЫ,
қалалық студенттер емханасының дәрігері

Весенний авитаминоз

# СЛАДКОЕ ЧУДО

Весной практически у всех в большей или меньшей степени возникает авитаминоз, и человек становится сонливым, апатичным, теряет работоспособность, у него рассеивается внимание. Вследствие этого, а также в результате неблагоприятного воздействия окружающей среды, резких температурных перепадов, несбалансированного питания, токсического влияния вредных привычек ослабляется иммунитет.

Человек, конечно, удивительное создание природы, он обладает способностью к адаптации — приспособлению к постоянно меняющимся условиям жизни. И пока общее воздействие травмирующих факторов не достигло критического уровня, он чувствует себя вполне здоровым, несмотря на то, что часть систем его организма работает с перегрузкой и на пределе. Идет постоянное самовосстановление и самолечение организма. Когда нервная, эндокринная и иммунная системы работают с большой перегрузкой, человек еще может некоторое время чувствовать себя здоровым, но до сбоя ему остается один шаг. Не прикладывая усилий к очищению организма и поддержанию его систем и органов в работоспособном состоянии, мы сокращаем себе жизнь.

Удачно подметил когда-то Б. Шоу: “Здоровое тело — продукт здорового рассудка”.

К детям все сказанное относится даже в большей степени, чем ко взрослым. Рассеянное внимание на уроках и неспособность к усвоению материала — вот то малое, к чему ведет авитаминоз.

Обратимся к опыту древних. Древние греки и римляне не пользовались панадолами и колдрексами, однако умудрялись воспитывать вполне здоровое потомство. Об аллергии в античном мире и не слыхивали. Конечно, экологию того времени нельзя сравнить с современной. Вряд ли юным эллинам легко дышалось бы в нашей задымленной, загазованной атмосфере, но дело все же не только в этом.

Есть такая поговорка: “Скажи мне, что ты ешь, и я скажу, чем ты болеешь”. Прародители цивилизации не болели многими современными болезнями, потому что употребляли мед и другие пчелопродукты. В Древнем Египте мед давали школьникам на завтрак. И в наше время детская анипрофилактика применяется во многих странах. Педагоги элитных школ, идя по стопам своих древнеегипетских коллег, укрепляют здоровье своих учеников не только медом, но и пчелиной обножкой, то есть продуктом, содержащим все незаменимые аминокислоты, необходимые для нормального развития детского организма.

Но вернемся к меду. Вдыхая медовый запах, мы чувствуем, как мысленно возвращаемся в детство, такое надежное, настоящее, полное четких образов и ощущений. Помните? Горячий, ароматный воздух над цветущим полем Или мамин голос: “Выпей молока с медом ”.

Это сладкое чудо возвращает нам радость жизни. Мед улучшает зрение, выводит радионуклиды, помогает при сердечно-сосудистых и кожных заболеваниях. В этом продукте редкий набор микро- и макроэлементов, и, кроме того, много калия, полный набор витаминов. Высокий лечебный эффект дает фермент диастаза (амилаза). В результате употребления меда появляется ощущение комфорта, увеличивается жизнестойкость органов и систем организма.

Раньше почти у каждого в холодильнике стояла банка с медом на случай болезни, теперь многие проходят мимо продавцов: значительно упало доверие к продукту из-за его качества, а кроме того, появилось много вкусных сладких соблазнов вроде сникерсов, которые, к тому же, усиленно рекламируются.

Как же покупателю узнать, какой мед хороший, полезный, а какой — нет?

Мед бывает разным по вкусу. Белый прозрачный — это малиновый, донниковый. Янтарный — липовый, степной. Насыщенно-желтый — обычно из подсолнечника; коричневый — гречишный, а темный, почти черный — вишневый.

Одно из главных свойств меда — наличие ферментов, прежде всего диастазы. Соответствие этого показателя норме можно установить только в лабораторных условиях. Низкое содержание диастазы говорит о неправильном хранении меда или о его фальсификации. Поэтому, покупая даже небольшое количество меда, надо требовать у продавцов сертификат с “живой”, синей печатью. А в документе обратите внимание хотя бы на три очень важные строчки. Если влажность меда не более 21%, кислотность — от 1 до 4 градусов, а диастазовое число не менее 7 единиц Готе, то это нормальный, полноценный продукт.

Многое может подсказать и обоняние: характерный медовый аромат обычно у доброкачественного меда. Поддельный, перенасыщенный сахарозой продукт — жидкий, почти не имеет запаха.

Итак, съедайте хотя бы столовую ложку меда в день, лучше всего на ночь, предварительно растворив в стакане теплой воды, чтобы предупредить весенний авитаминоз. Если же он уже начался, то суточная доза должна быть не менее 100 г в день в течение 2 недель.

Здоровья вам!

З.К. АНАЯТОВА,
участковый терапевт городской студенческой поликлиники

Осторожно: клещи

# Умный в гору не пойдет... весной

Предгорные и горные зоны Алматы и Алматинской области являются природными очагами тяжелого заболевания – клещевого энцефалита.

Находясь на работе, на отдыхе, на дачах в этих местах, помните о возможности присасывания клещей, которые в природе являются хранителями и переносчиками вируса-возбудителя этого заболевания. Клещевой энцефалит имеет весенне-летний характер, проявляется поражением центральной нервной системы и развивается после присасывания зараженных клещей или сырого молока коз и овец, которые также подвержены заболеванию.

От момента заражения до проявления первых признаков заболевания проходит от 3 до 15 дней. Болезнь начинается остро: с озноба, повышения температуры до высоких цифр, резкой головной боли, появляется общая разбитость, болезненность мышц, тошнота, рвота, не связанная с приемом пищи. В тяжелых случаях развиваются паралич мышц верхних конечностей, плечевого пояса, шеи, что приводит к инвалидности.

Клещи проявляют свою активность и могут присасываться с ранней весны до поздней осени. Но наибольшая их численность и активность наблюдается в апреле-июне и зависит от погодных условий. Присасываются и пьют кровь только самки клеща, они же передают вирус потомству. Клещи присасываются безболезненно на любом участке тела, но чаще на волосистой коже головы, шее, подмышечной, паховой областях. В природе заражены вирусом клещевого энцефалита до 8% клещей, но по внешнему виду зараженных клещей от незараженных отличить нельзя, поэтому главное в профилактике — не допустить их присасывания. Для этого необходимо соблюдать следующие предосторожности: тщательно заправлять спортивную или рабочую одежду, накрывать голову, периодически осматривать одежду, открытые участки тела, снять ползающих клещей (но не раздавливать их). После окончания работ или возвращения домой осмотр провести более внимательно. Присосавшихся клещей смазывают маслянистым веществом и удаляют пинцетом или с помощью прочной нитки: сделав петлю между телом клеща и кожей человека, за концы ниток раскачивают и одновременно вытягивают его. Место присасывания обрабатывают любым дезинфицирующим веществом. Если не удается удалить клеща самим, необходимо обратиться в травмпункт по месту жительства. Там же с профилактической целью введут иммуноглобулин против клещевого энцефалита. Лица, которым предстоит работа в оча-гах, должны быть заранее привиты специальной вакциной.

В.В. МАТВИЕНКО,
зав. паразитическим отделением санэпидстанции Бостандыкского района



Здоровье и нравственность

В последние годы резко возросло количество заболеваний, передающихся половым путем. Ими болеют в одинаковой пропорции как женщины, так и мужчины. Это такие заболевания, как гонорея, трихомоноз, сифилис и хламидиоз. Данные заболевания чаще встречаются у людей, которые имеют случайные половые контакты, а это относится и к основной массе нашей студенческой молодежи.

# ОПАСНЫЕ СВЯЗИ



Хотелось бы рассказать о некоторых клинических особенностях заболеваний. Из всех ранее перечисленных болезней чаще всего встречается трихомоноз. Клиническое проявление заболевания как правило начинается через 7 дней после полового акта (этот период может сокращаться до 4 дней и удлиняться до 3-х недель). Очень часто у мужчин болезнь протекает без симптомов. Жалобы имеют не специфический характер: боли и жжение во время мочеиспускания, а также скудные выделения из уретры. У девушек основным проявлением является слизистое отделение из влагалища в виде пенящейся жидкости с запахом протухшей рыбы.

Хотелось бы отметить, что в связи с отсутствием клинических проявлений у мужчин и большой устойчивостью ко многим лекарственным препаратам данное заболевание с каждым годом имеет тенденцию к росту.

Следующим заболеванием, на котором хотелось бы остановиться, является гонорея. Инкубационный период обычно равен 3-5 дням. В редких случаях может удлиниться до 2-3 недель. Симптомы заболевания одинаковы как у мужчин, так и у женщин. Появляются желтовато-зеленые выделения, ощущение жжения, может подняться температура.

Одним из самых тяжелых заболеваний, передаваемых половым путем, является сифилис. Данный процесс поражает не только половые органы, а весь организм в целом, что при несвоевременном лечении приводит к уменьшению трудоспособности на длительный период времени и инвалидности.

Клиническое проявление сифилиса наступает позже, чем у ранее описанных заболеваний, в среднем через 3-4 недели.

При употреблении антибиотиков в этот период симптомы заболевания проявляются плохо. Первичные проявления сифилиса протекают без боли и выделений. В месте внутренней инфекции (чаще в области половых органов) появляется язвочка с чистым дном и приподнятыми краями, безболезненная при надавливании — это шанкр, размер которого варьирует от 10-15 мм. При дальнейшем течении сифилиса возможно появление температуры, головная боль, сыпь на туловище и на конечностях, боли в горле. При несвоевременном лечении сифилиса развиваются сердечно-сосудистые нарушения, болезни почек, печени, легких.

Среди инфекций следует отметить хламидии, так как очень часто при данном заболевании симптомы отсутствуют, а если проявляются, то в виде полупрозрачных выделений из влагалища и боли при мочеиспускании. При несвоевременном лечении хламидии могут стать причиной воспаления маточных труб, что может привести к бесплодию. Хламидиоз в 50% случаев протекает совместно с гонореей и трихомонозом.

Большинство средств, применяемых для предохранения от беременности, не обеспечивают одновременной защиты и от инфекции. Однако всем известный презерватив способен резко повысить вероятность предохранения от передачи заболеваний половым путем. Такие препараты, как Фарматекс и Патенакс орал, применяемые женщинами в качестве контрацептивных, обладают и антимикробной активностью. Они выпускаются в виде крема или вагинальных капсул.

Таким образом, полноценной профилактики заболеваний, передающихся половым путем не существует, но соблюдение простых правил и периодическое обследование позволяют свести риск заболевания к минимуму и избежать любых осложнений.

Г.Ж.КОШКЕНБАЕВА,
врач городской студенческой поликлиники





Рецензия

# УАҚЫТ КЕСКІНІН БӘДІЗДЕГЕН ҒИБРАТНАМА

Уақыт деген патшаҒар ұдайы қозғалыс ұғымын білдіреді. Бір қалыпты мігірсіз ырғағынан әсте жаңылмайтын уақыттың пәрмені өте күшті.

Ол күллі табиғаттың райы мен шырайын өзгертіп қана қоймай, сол табиғи ортаның саналы жемісі – адамзат қоғамының биологиялық-физиологиялық болмыс-бітіміне, таным-түсінігі мен мінез-құлқына із-бедерін салып, өкімін жүргізетін жаратушылық құбылыс.




Уақытпен қатар адам ақыл-ойының сапалық толысуы мен дамуы, есеюі мен кемелденуі – қоғамдық өмірді әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани соны сатыға көтерері кәміл. Адамның табиғатпен арадағы байланысын үйлестіріп, сәйкестендіріп, реттеп тұратын құдіретті өлшем уақыттың тарихи санада жаңғырып ақиқат өмір жолының қиын да күрделі бұралаң-бұлтарысы мен белбелесін айнаға түскендей қазқалпында өскелең ұрпақтың зердесінде мәңгі ұялатататын шығармашылық өнердің мүмкіндік аясы неткен ғажап. Міне, өзінің қысқа да нұсқа, әсерлі де бейнелі, сөйлем конструкциясы, жазу машығы, суреткерлік-идеялық ізденісі, көркемдік шешім өрнегімен уақыт кескінін, замандас келбетін шабытпен шынайы сомдаған көсемсөздің серісі Сағымбай Қозыбаевтың орыс тілінде жарық көрген "Лики времени" ("Экспресс К", 2002) атты кітапшасын оқығанда осындай жамыраған ой құшағы еріксіз баурап алды.

Қаламгердің эсселеріне арқау еткен тақырып өзегі өзі куә болған оқиғалар мен өткенді көңіл сүзгісінен сараланған толғаныстар, азаматтық тарихымызда есімдері елеулі тұлғалар мен өмірдің ыстық-суығын бастан кешіп, қатар жүрген дос-жарандар, алға қойған арман-аңсардың орындалып, мақсат-мұратқа жетудегі қайшылықты күрес жолы, сұлулыққа іңкәрлік пен пәк махаббатқа ынтызарлық, тектілік, тәкаппарлық пен бекзаттық мәрттік, туысқандық бауырластық пен отаншылдық сезімді оятатын ұлттық рухтың ұшқын қуаты тайға таңба басқандай мен мұндалап тұрады. Сондай-ақ, Ол әрбір эссесін фотосурет топтамасымен ажарлап, арудың қос бұрымындай егіз өруі эстетикалық эффектісі мен деректілік мән-маңызын арттырған. Автордың жүйесі мүлдем бөлек тіл мәдениетінің тылсым сиқырын терең игеріп, қыбын тауып орыс лексиконына туған халқының жүрек лүпілінің нәзік иірімдерін образға орап, жан бітіре сәтті қолдануы құптарлық ерекшелігі деуге әбден болар. Мысалы, "дочери-кенже", "Падишахи тоже не вечны", "шайтан-труба", "алтынство", "айран", "бәйгі", "Уақыт тұлпар ілгері жылжиды", "войн-джигит", "биуақ", "балалардың қамы", "аққөңілбайства", "ақыр заман", "айналайын", "ақсүйекства", "шалақазақ", т.т. контекстегі сөз бен сөз тіркестерінің жұмсалуы эмоционалдық-экспрессивтік қызмет атқарып тұр. Ата-бабамыздың "кең болсаң, кем болмайсың" деген даналығын жиі қайталайтын ғалым-ұстаз Сағымбай Қозыбаевтың азаматтық.парасаты мен пейілінің дархандығы аталған шығармашылық қолтаңбасынан ап-айқын көрініс тапқан.

Сайып келгенде, отандық журналистика ілімінің көшін бастаушылардың бірі, әмбебап жанның қым-ғуыт өзгеріске толы уақыт тынысын пайымдаған бұл еңбегі – аз сөзге сан қилы мағына үстеп, тарының қауызына сыйғызғандай әлеуметтік-имандылық ой түйген, үлгі-өнегелік, тағылымы мол, қара өлеңдей құйылған ғибратнама.

Аманқос МЕКТЕП-ТЕГІ

Общественно-политический журнал




Новое в периодике

Начало XXI века в сфере духовно-практической жизни Казахстана ознаменовалось знаменательным событием – начал издаваться общественно-политический журнал "Евразия". Планируется выпускать шесть номеров в год. В 2002 году уже вышло пять номеров.

# Глоток чистого воздуха

Идея и практическая реализация периодического издания – заслуга Марата Шамуратовича Хасанова, доктора философских наук, профессора, заведующего кафедрой философии социального познания Казахского национального университета имени аль-Фараби. Редколлегия журнала объединяет видных ученых Казахстана – философов, историков, политологов. Ответственный секретарь редколлегии – Алексей Александрович Швыдко. "Евразия" публикует материалы на казахском и русском языках. Издателем журнала является фонд "Демократия и культура".

Журнал знакомит читателей с наиболее значительными событиями евразийского региона. Следует отметить, что в интеллектуальной сфере современной жизни общества доминирующей является идея евразийства – феномена интегрирующего ряда геополитических, этнических, культурных, духовно-нравственных, социально-экономических, философско-психологических и других явлений.

Актуальность "Евразии" просматривается в том, что в условиях, когда за короткий срок произошло крушение до основания прежних жизненных ценностей, которые привели к утрате духовности, к обвалу нравственности, к злобным инстинктам и оживлению иных человеческих пороков, новое периодическое издание, как глоток чистого воздуха, заполняет духовный вакуум, предлагает новое видение проблем и в силу этого вселяет надежду на будущее. "Евразия" отвечает потребности общества в обновлении всех сфер жизни людей.

Идея евразийства занимала умы интеллектуалов и требовала обмена мнениями. В связи с этой потребностью вопросы взаимодействия и взаимосвязи национальных культур, социально-экономического, политического, этносоциального, религиозно-духовного развития стали главенствующим, организующим началом общественной жизни. Природа демократических преобразований и рыночного реформирования, вопросы национальной ментальности, национальной идеи и патриотизма стали предметом обсуждения на ряде конференций и симпозиумах, прошедших в последнее десятилетие ушедшего века. В этой связи рождение нового общественно-политического журнала "Евразия" – явление закономерное и своевременное.

Журнал призван пропагандировать и доказывать, что евразийство – это открытость и терпимость общества и государства ко всему прогрессивному, его готовность к восприятию чужого позитивного опыта, способность общества синтезировать свое и воспринятое, умение создавать на этой основе свою специфическую цивилизацию, для которой было бы характерно гармоничное сочетание общечеловеческих и национальных ценностей.

"Евразия" приглашает общественных деятелей, писателей, ученых, журналистов, публицистов к сотрудничеству.

*Подписной индекс: по каталогу "Газеты и журналы Казахстана" – 75889. Подписка на 2002 год продолжается.*

А. ОМАРОВ,
доцент КазНУ им. аль-Фараби



Арашы

# Заң клиникасы сұраныска ие

«Заңдық клиника» атауынан-ақ белгілі заңи көмекке зәру болып отырған мұқтаж азаматтардың «жарасын жазатын киелі орын» деп қарастыруға болады. Ауруына ем іздей келетін науқасқа аурухана нысанындағы клиника дәрігерлерінің берері – медициналық көмек болса, құқықтық мәселелерін шешуді сұрайтын азаматтарға заң клиникасындағы студенттердің берері – заң нормаларын түсіндіру.

Міне, осы тұрғыдан алғанда жалпы клиника атауы мен заңдық клиника мағынасына ие жұмыс орындары мақсатының түп негізі – адам тағдыры, оны қорғауда жатыр деп түсінуге болады.

Мұны клиникаға келген азаматтардың өз пікірлері де растайды.

Қазақбай Жанат /жұмыссыз/: "Мен клиникада республика заңдарына қатысты қойылған сұрақтарыма толық та нақты жауап алдым, сол үшін студенттік заң клиникасына алғысымды білдіремін"; Л.П Митвинова /зейнеткер/: "ҚазҰУ-де студенттер берген заңдық кеңеске алғысымды айта отырып, барлық консультанттар мен олардың ұстаздарына еңбекте биіктерден көріне беріңдер демекпін"; Кондрашев И.Н /отставкадағы подполковник/: "Студенттер клиникасына барғаннан кейін Қазақстанға, оның заң жүйесіне сеніммен қарай бастадым".

Әр істе санның сапаға қатынасы оның нәтижесін көрсетеді, ал жоғарыдағы жылы лебіздер осының бір дәлелі.

Менің байқауымша, көпшілік заңдар алдымен орыс тілінде жазылатындықтан қазақша аудармасы кей кездері тілі шырматылып, ойға ұласпай, тілі кез-келген адам түсіне қоймайтын күрделі ғылыми трактатты оқығандай халге түсесің. Заңгерлер қазақ тіліндегі заңды оқымас бұрын алдымен орысша мәтіннен қарайды. Бұл жерде арнайы білімі жоқ қарапайым жұртшылық жөнінде айтпаса да түсінікті. Заң клиникасы жұмысының тағы бір шеті азаматтарға осы мәселелерді шешуге әкеліп саяды.

Заң клиникасында ҚазҰУ-дың заң факультетінің 3 курс студенттері мен магистранттары, айта кетсек, С.Қожақметов, Ж.Ақбаев, Ә.Досжанова, Ғ.Нұрғажаев, Ә.Асқарова, А.Корпачев, А.Жамиев, т.б. кеңес береді. Студенттердің ойынша, заң клиникасында азаматтарға кеңес бере отырып олар өз білім дәрежесін теориялық және практикалық тұрғыдан жетілдіреді.

Қазіргі таңда заң клиникасы "Подруги", "Забота" заң орталықтарымен, мүгедектер одағымен, Алматы қалалық еңбек биржасымен, қаламыздағы нотариус, адвокаттармен, қарым-қатынас орнатып, тәжірибе алмасуда.

Эльмира ДҮЙСЕНОВА,
заң факультетінің 3 курс студенті

Дөңгелек стол

# Басты тақырып - денсаулық мәдениеті

**Жақында экономика және бизнес факультетінің 1 курс студенттері «Денсаулық мәдениетін қалыптастыру» тақырыбында дөңгелек стол өткізді. Оның ұйымдастырушысы - Ғылыми кітапхананың көпшілікпен жұмыс секторының меңгерушісі Н.Малдыбаева. Бұл дөңгелек үстелдердің ерекшелігі - үлкендер айта беретін құрғақ насихаттан гөрі студенттердің өздеріне сөз берілді.**

Олар өз көзқарастарын дәлелдеп, залдағы қонақтардың сұрақтарына жауап бере отырып жасандылықтан гөрі қызу айтыс-тартысқа құрылды. Сондықтан дөңгелек үстел әңгімесі де жанды өтті. Соңында доцент Г.В.Винокуров мырза студенттерге нашақорлық, оның зияны туралы пайдалы дәріс оқыды. Сондай-ақ, медицина ғылымдарының кандидаты С.А.Кисанованың да баяндамасы таратымды болды.

**Ғ. АҚСЕЙІТ**

Бұлшық ет

# *Әйелдер спартакиадасы өтті*

**Сәуірдің 22-30 күндері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Денсаулық жылына арналған профессор-оқытушылар құрамы, аспиранттар мен қызметкерлер арасында IҮ дәстүрлі әйелдер спартакиадасы болып өтті.**

Биылғы жылды Елбасымыз денсаулық жылына арнағандықтан осы жылғы әйелдер арасындағы спартакиада да ерекше серпіліспен, қарқынмен басталды.

Бір апта бойы өткен әйелдер жарысының қорытындысы былай болды. Бадминтоннан 1-орынды биофактың қызметкерлері Н.Құрбанова мен К.Абиткулова, 2-орынды химфактан А.Оразымбетова мен О.Малахова, 3-орынды Ш.Нұрмұхамбетова мен Ж.Тұржанова жеңіп алды. Волейболдан 1-орынды журфактың М.Т.Мұқашева бастаған командасы, 2-орынды заң факультетінің Ш.Б.Маликова бастаған командасы, 3-орынды матфактың М.Б.Елгендина бастаған командасы жеңіп алды. Шахматтан 1-орынды мехматтың аға оқытушысы А.К.Сарбасова мен доцент Г.Рзаева, 2-орынды химия факультетінен А.Б.Оразымбетова мен А.К.Галеева, 3-орынды биология факультетінен М.С.Кулбаева, Г.Орманова иеленді. Столдағы теннистен 1-орынды биофактан Ш.И.Аскарова мен С.А.Манкибаева, 2-орынды физика факультетінен И.Н.Корузин мен Н.Иманова, 3-орынды Д.М.Гуламова мен Г.У.Ахметалиева иеленді.

**(Өз тілшімізден)**

Фотоэтюд

Өзгелермен арамызда
Пәлелі
жатқандай бір тас бөгет,
Қыз біткенді мен екіге бөлемін:
Сен деп және басқа деп.
*Қадыр Мырза-Әлі*




Фотоэтюд

**Мәдина Керімбекова, география факультетінің 3 курс студенті**

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

**АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

Т.Ә. ҚОЖАМҚҰЛОВ - ректор;
Н. ОМАШҰЛЫ - проректор;
Б.Ө. ЖАҚЫП - декан;
Е.Ж. ӘБІЛҚАЙЫРОВА - ғылыми кітапхана директоры;
М.Т. МҰҚАШЕВА - "Парасат" кәсіподағының төрайымы;
А. ЕЛІБАЕВА - студенттердің ``Сұңқар`` кәсіподағының төрайымы.

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

*Бас редактор* - **Бекжан Әшірбаев;**
*Бас редактордың орынбасары*- **Ербол Әбдірәсілов;**
*Жауапты хатшы*- **Дариға Амангельдиева;**
*Теруші*- **Айтгүл Бабасова;**
*Көркемдеуші-беттеуші* - **Айдын Әбдібекұлы;**
*Фототілші* - **МАМЫРЖАН;**
*Нөмірдің кезекші редакторы*- **Сәндібек Жұбаниязов.**

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

**480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы,71, ректорат, 10-қабат, №1000 бөлме. Байланыс телефоны: 47-29-29, ішкі: 11-94.**

***Нөмір редакцияның компьтер орталығында теріліп, беттелді. "Полиграфсервис" баспаханасында (Жандосов көшесі - 55) 28.05.2002 жылы басылды.***

**Бағасы келісім бойынша. Таралымы- 3000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. № 198 тапсырыс.**

**Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.**

**Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.**

**"Қазақ университетіне" жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.**